

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Сүйікті ойыншықтар»

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.11.2019

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/63035/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Жанова Мереке Хыдыровна

Маңғыстау облысы

Жаңаөзен қаласы

№16 «Ертегі» балабақшасы

Қызметі: тәрбиеші

Материал тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтар»

Білім беру саласы: Коммуникация.

Бөлімі: Сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы: Сүйікті ойыншықтар.

Мақсаты: а) Ойыншықтар туралы әңгіме құрастыру, ойыншықтардың аттарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету.

ә) «Ң» дыбысын қайталау, дұрыс айтуға жаттықтыру.

б) ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

Жаңа сөздер: жұмсақ, резеңке.

Көрнекіліктер: №8 демонстрациялық материал. (түрлі ойыншықтар суреттері),

№8 үлестірмелі материал (түрлі ойыншықтар суреттері).

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: Балаларды ойын бұрышында ойнату.

Сөздік жұмыс: Ойыншықтар, қуыршық, машина.

Билингвальды компонент: Ойыншықтар – игрушки, қуыршық — кукла, машина — машина.

Оқу қызметінің кезеңдері Мотивациялық қозғаушылық	Педагогтің іс - әрекеті Шаттық шеңберіне тұрғызады.	Балалардың іс - әрекеті
	Дос болып біз жүрейік, Ойнайық та күлейік. Достық деген тамаша Міне, тұрмыз жараса. — Балалар, бүгін ерекше күн. Біз бүгін ойыншықтар әлеміне саяхатқа шығамыз.	Шаттық шеңберіне тұрады, қолдарын көтеріп, қимылмен көрсетеді. Қуанады.

Ұйымдастырушылық
-ізденістік

— Балалар, сендер ойыншықтарды жақсы көресіңдер ме?
(демонстрациялық көрнекілікті қолдану)
— Қандай ойыншықтың түрлерін білесіңдер?

Билингвальды компонент: ойыншықтар-игрушки, қуыршақ-кукла, машина-машина.

Ойыншықтардың темірден, ағаштан, резеңкеден жасалатынын және матадан тігілетінін айтады. Есік қағылады.

Қонаққа сиқыршы келеді.
— Сәлеметсіңдер ме, балалар!
Қазір мен сендерді өзімнің сиқырлы әлеміме қонаққа апарамын. Барасыңдар ма? Ендеше, бәрің көздеріңді жұмыңдар. Алақай, малақай! Суф! Суф!
Ал енді көзімізді ашамыз.

— Шынында да қараңдаршы, біз көп ойыншықтар әлеміне тап болдық. 2-3 ойыншықты көрсетеді. (машина, қуыршақ, доп).
Мынау не? Машина. Ол қандай? Машина жүргенде «ың-ың-ың» дыбысын шығарады екен. «Н» дыбысын айтайық. Қайталаймыз. Қайталайды. Балалар басқа да ойыншықтарын сипаттайды (атын атайды, үлкен, кішкентай және жұмсақ, қатты екенін, неден жасалғанын ажыратады).

Сиқыршы: Балалар, мына ойыншықтарды сендерге сыйға тартамын, топқа барғанда ойнайсыңдар, ойыншықтарды ренжітпей, ұқыпты ұстап ойнаңдар.
Олай болса көзімізді жұмып, тобымызға оралайық.
Сиқыршы балалармен қоштасып шығып кетеді.

Сергіту сәті:

Құлыншағым, құндызым,
Құлдырайды, шабады.
Жылтыңдаған жұлдызым
Құстай қанат қағады.

(І.Жансүгіров)

№8 үлестірмелі материалмен жұмыс.
Ойын шарты: ойыншықтардың арасынан допты, қуыршақты және керікті табу.
Жеке жұмысты қажет ететін балалардан сүйікті ойыншықтарын сұрау.

— Иә!

— Қуыршақ, машина, доп, қонжық, аю, қоян, балапан т.б.
Ойыншықтар - игрушки, қуыршық — кукла, машина - машина сөздерін қайталайды.

Сәлемдеседі.

— Иә! Көздерін жұмады.

— Көздерін ашады, түрлі ойыншықтарды көреді.
Ойыншықтарды атап, сипаттайды.

— Мынау - машина.

— Ол қатты, қызыл, әдемі.
«Ың-ың-ың» деген дыбыс шығарады.

Қоштасады.

Қимылын келтіріп жаттығуды орындайды.

Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды.

Рефлексиялық
түзетушілік

- Бүгін бізге қонаққа кім келді?
 - Қайда бардық?
 - Нені көрдік?
 - Өздерің ойыншықты қалай күтіп
ұстайсыңдар?
- Педагог сұрақ-жауап арқылы ойыншықтар
жайлы білімдерін қорытындылап,
балаларды мадақтайды.

Балалар сұрақтарға жауап
береді.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: әр ойыншыққа сипаттама беру және оларды ойыншықтардың арасынан табу тәрізді тапсырмаларды;

Түсінеді: ойыншықтарды, ұқыпты, күтіп ұстау керектігін;

Қолданады: дыбыстарды дұрыс айту дағдысын.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.